

№ E00072 04.10.2021 ж

## Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді?

**ИЛЬЯСОВА ГАЛИЯ УМИРЗАКОВНА**

*Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңадария ауылы  
№ 203 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

### **Оқу мақсаты:**

3.2.2.1 жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтайды;  
3.2.3.1 Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) орналасуын талдау;

Сабақ мақсаты: табиғи апаттар ұғымын түсіндіре алады; Ауа райы мен климаттық жағдайлар адам өміріне қалай әсер ететінін анықтайды. Қауіпті табиғат құбылыстары кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады.

Ресурстар: суреттер, микрофон, бейне материал, кестелер, кималар, стикер

Сабақтың барысы: **Ұйымдастыру кезеңі**

Психологиялық ахуал қалыптастыру

Топқа бөлу

Жұмыс ережесін келісу

Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!

Уақытты үнемдейміз!

Нақты, дәл жауап береміз!

Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!

Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!

**Алдыңғы білімді еске түсіру**

«Кезбе тілші» әдісі

-Бүгінгі ауа райы қандай?

-Климаттың ауа райынан айырмашылығы қандай?

-Қандай климаттық белдеулерді білесіңдер?

-Қайсысы жиі өзгереді, ауа райы ма, климат па?

-Қазақстан аумағы қандай климаттық белдеуде орналасқан?

**Жаңа сабақ**

Ой қозғау

Жұмбақ жасыру

Көзге ілінбейді,

Жұтсаң білінбейді. (Ауа)

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді?»

Оқулықпен жұмыс.

Оқушылар оқулықтан жаңа тақырыппен танысады.

Ауаның белгілі бір уақыттағы, белгілі бір жердегі жай-күйі ауа райы деп аталады. Адам өмірі мен қызметі ауа райына және климаттық жағдайға тәуелді. Кей жағдайда табиғаттағы катаклизмнен болатын апаттар да адам өміріне қауіп төндіреді. Катаклизм- табиғаттағы жойқын апат.

Оқушыларға табиғи апаттар жайлы видео материал ұсынылады.

Катаклизмдер күшінің жойқындығы сондай, ол адамдардың өмірі мен денсаулығына зор қауіп төндіреді. Құрылыстар қирап, өсімдіктер мен жануарлардың жойылуы да ықтимал.

Талқылау және ой білдіру (ұжымда) Осы видео материалдан өзге өздері өмірлерінде көзімен көрген және теледидардан жаңалықтардан естіген табиғи апаттар жайлы әңгіме қозғалады. Мысалдар келтіріледі.

1 тапсырма:

I-топ: оқушыларға геологиялық катаклизм және табиғи-климаттық катаклизм жазылған бос кесте және катаклизм түрлері жазылған қиындылар таратылады. Оқушылар берілген сөздерді кестеге дұрыс орналастырып желімдеуі керек.

Геологиялық катаклизмдер	Табиғи- климаттық катаклизм

II-топ: Қолайсыз климаттық жағдайлардың салдары қандай болуы мүмкін?

Салдары жазылған қиындылар беріледі. Оқушылар берілген сөздерді

кестеге дұрыс орналастырып желімдеуі керек.

Қолайсыз климаттық құбылыстар	Салдары
Құрғақшылық	
Тұман	
Шаңды дауыл	
Көктайғақ	
Нөсер	
Қатты аяз	

Бағалау критерийі

Катаклизм ұғымы мен табиғаттағы катаклизм апаттарын жіктей біледі;  
Ауа райының адам өміріне әсері туралы біледі;

Дәптермен жұмыс: Оқушылар суреттерге қарай отырып, табиғи апаттар орын алған жағдайда өзін-өзі ұстау ережесін құрастырады.

Бағалау критерийі:

Табиғи апат кезінде өзін-өзі ұстаудың негізгі ережелерін құрастыра алады.

Сергіту сәті: Жаңбыр жауар себелеп,

Тығылады көбелек.

Біз қолшатыр астында,

Би билейміз дөңгелеп.

2-тапсырма(жұпта)Оқушыларға бір қолайсыз табиғат құбылысы

суреті қиындылары ұсынылады.Оқушылар сол

суретті

құрастырып, қандай қолайсыз табиғат құбылысының суреті екенін анықтайды.Сипаттап жазады.

**Сабақты қорытындылау** «Жалғастыр» ойыны

Адам өмірі мен қызметі ..... тәуелді.

Катаклизм бұл .....

Геологиялық катаклизмдер .....

Табиғи климаттық катаклизмдер .....

Катаклизмдер күшінің жойқындығы адам өмірі мен денсаулығына .....

Табиғи апат кезіндегі ең басты қағида .....

**Үйге тапсырма** (бақылау, зерттеу)

Өз жеріндегі ауа райына бақылау жаса. Табиғи құбылыстардан келетін қауіп-қатардың қандай белгілері болуы мүмкін?

№ E00073 04.10.2021 ж



## Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?


**АКШАБАЕВА МЕРЕКЕ КЕНЖЕГАЛИЕВНА**

*Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы “  
Үстірт жалпы білім беретін мектебі”  
Бастауыш сынып мұғалімі*

Бөлім:	<b>Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</b>	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	<b>Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?</b>	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.4 өз шығыстарын жоспарлау және негіздеу; 3.1.1.5. өз шығыстарын оңтайландыру жолдарын ұсыну	
Сабақтың мақсаты	<p><b>Барлық оқушылар:</b> өз шығыстарын жоспарлауды біледі және оны оңтайландыру жолдарын ұсына алады.</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> отбасылық қаржыны құрау жолдарына мысалдар келтіреді.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> отбасылық шығыстарды азайту арқылы қаражатты үнемдеу жолдарын қарастырады.</p>	

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 мин	<p>➤ Үлгімен атмосферасын және өздеріне деген сенімділік қалыптастыру мақсатында көңіл күйді көтеретін отбасы туралы ән тыңдап, <b>ширату жаттығуларын</b> орындайды.</p> <p>«Таңдау» әдісімен «жоспарлау», «кірістер» «шығыстар», «қажеттіліктер» сөздерінің бірін таңдап топтарға бөлінеді.</p>	<p>Ән тыңдап, жаттығу жасайды.</p> <p>Топқа бөлінеді.</p> <p>Сөзді тауып, сұрақтарға</p>	ҚБ: 1 балл	 

	<p><b>Өткен тақырыпқа шолу және жаңа оқу материалын ашу «4 сурет, 1 сөз» және «Сұрақтар тізбесі» әдісі арқылы өтеді.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Берілген суреттерден ортақ бір мағына беретін сөзді тауып, тақырыпты шығарыңдар.</li> <li>- Қандай сөз шықты?</li> <li>- Еңбек дегенді қалай түсінесің?</li> <li>- Адамдар не үшін еңбектенеді?</li> <li>- Еңбек етудің қандай пайдасы бар?</li> <li>- Еңбек қандай жетістіктерге жеткізеді?</li> <li>- Еңбекте табысты болу үшін адамның бойында қандай қасиеттер болу керек?</li> <li>- Сенің отбасыңның қай мүшесі қандай еңбекпен айналысады?</li> <li>- Адам еңбек ету арқылы не табады?</li> <li>- Отбасына табыс табу не үшін қажет?</li> <li>- Табыс қайда жұмсалады?</li> <li>- Одан басқа отбасында қандай шығындар бар?</li> <li>- Ендеше бүгінгі сабағымыз не туралы болады деп ойлайсыңдар?</li> </ul> <p>Сабақ мақсаты жария етіледі.</p>	<p>жауап береді, тақырыпты ашады.</p>		
<p>Сабақтың ортасы 15 мин</p>	<p><b>(Т) 1-тапсырма «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісімен</b> жүзеге асырылады.</p> <p>1-топ: «жоспарлау», 2-топ: «кірістер», 3-топ: «шығыстар», 4-топ: «қажеттіліктер»</p> <p>Әр топқа берілген сөздерге қатысты сұрақтарға жауап беріңдер.</p>	<p>Жоспарлау, кірістер, шығыстар, қажеттілікте р сөздерін бұрын қайдан естігендерін жазады.</p> <p>- Оны</p>	<p><b>ҚБ:</b> 3 балл</p>	<p>А3 парақ, маркер</p>

<p>7 мин</p>	<p>1. <b>Қайда?</b> Бұл сөздерді қайдан естідіңдер?</p> <p>2. <b>Қалай?</b> Ол сөзді қолдануға мысал келтіре аласың ба?</p> <p>3. <b>Қандай?</b> Оның маңызы қандай?</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• - Терминдерді бұрын қайдан естігендерін жазады.</li> <li>• - Оны қолдануға мысал келтіреді.</li> </ul> <p>- Оның маңызын болжап жазады.</p> <p><b>(Ж) 2-тапсырмада «Броундық қозғалыс» әдісі қолданылады.</b> Әр партадан бір оқушы шығып, сыныптан сұрақтар жазылған парақтың бірін алып, жұпта талқыландар. Сұрақтарға ретімен жауап беріңдер.</p> <p>1) Отбасының табыстары қайдан құралады?</p> <p>2) Ақша не үшін керек?</p> <p>3) Отбасылық қаржы қайда жұмсалады?</p> <p>4) Табыс пен шығыс деген не?</p> <p>5) Отбасының кірісі неден құралады?</p> <p>6) Сенің отбасың ақшаны қандай қажеттіліктерге жұмсайды?</p> <p>7) Негізгі шығындардан басқа рухани қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар да болады. Рухани қажеттіліктер деп нені айтуға болады?</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Отбасының табыстары атананың еңбекақысынан құралатынын айтады.</li> <li>- Ақша түрлі қажеттіліктерді өтеу үшін керектігін әңгімелейді.</li> </ul>	<p>қолдануға мысал келтіреді.</p> <p>- Оның маңызын болжап жазады.</p> <p>• - Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>3 балл</p>	<p>Сұрақтар жазылған парақтар</p>
--------------	---	--	---------------	-----------------------------------

<p>5 мин</p>	<p>- Отбасылық қаржының жұмсалу жолдарын айтады.                  - Табыс пен шығыс дегенді ажыратып айтады.                  - Өз отбасының ақшаны қандай қажеттіліктерге жұмсайтынын әңгімелейді.                  - Рухани қажеттіліктер туралы болжайды.  <b>Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді.</b>  <b>Кейбір оқушыларға:</b>                  - Сенің де күнделікті жұмсайтын қаражатың бар. Оны қалай жұмсайтыныңды айтып бер.                  Өз шығыстарыңды азайтудың жолдарын ұсын.</p>	<p>Ойында түрлі мамандардың еңбегін көрсетеді.                  Әркім өз қаражатын жоспарлайды.</p>	<p>3 балл</p>	
<p>5 мин</p>	<p><b>Сергіту сәті: «Істегенімді істеме, айтқанымды істе» ойыны:</b>                  Оқушылар шеңберде тұрып, мұғалімнің жасаған қимылын емес, айтқанын жасауы керек.                  Мысалы: «мен шаштаразбын» деп айтып тұрып, мұғалім өзі жер қазып жатқандай қимыл жасайды. Сонда оқушылар шаштараздың қимылын жасауы тиіс. Шатасқан оқушылар шеңберден шығып, сыртында қалады. Соңында шеңберде бір оқушы қалып, жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>(Т) 3-тапсырма «Кластер» әдісімен орындалады.</b>                  Әркім өз қаражатын жоспарлай білуі қажет. Ол үшін есеп жүргізіңдер.</p>	<p>Жоспар бойынша есеп жүргізеді.</p>		

	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• - Әркім өз қаражатын жоспарлайды.</li> <li>• - Жоспар бойынша есеп жүргізеді.</li> </ul> <p><b>Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді.</b></p> <p><b>Кейбір оқушыларға:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• - Адам отбасылық қаржыны денсаулығын күту, рухани жан дүниесін дамыту үшін қалай жоспарлауы керек?</li> </ul>			
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p><b>Кері байланыс: «Қол белгісі» әдісі бойынша өтеді.</b></p> <p>Бас бармақ- өзімді қалай сезіндім?</p> <p>Балан үйрек- басқаларға көмегім тиді ме?</p> <p>Ортан терек- бүгінгі көңіл күйім қандай болды?</p> <p>Шылдыр шүмек- бүгінгі сабақ ұнады ма?</p> <p>Кішкентай бөбек- бүгін не үйрендім?</p> <p><b>Үй тапсырмасы:</b> Мәтінді оқып, мазмұндау. Отбасылық шығындарды азайту жолын қарастыру.</p>	<p>Тапсырма бойынша ой қорытып, өз іс-әрекеттерін айтады.</p>	<p>ҚБ қойылады.</p>	



№ F00007 04.10.2021 ж

## **Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері**

**САПАРОВА ГУЛЬДАНА СЕИЛХАНОВНА**

*Алматы қаласы. Н. Островский атындағы № 4  
арнайы мектеп- интернатының тәрбиешісі*

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту-қолайлы уақытта кез келген жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қашықтықтағы оқытушыдан білім алу үрдісі. Қашықтықтан оқыту, үйден шықпастан 24/7 режимінде білім алу мүмкіндігі.

Қашықтықтан оқыту формасы- оқытудың электронды технологиясын қолданып, жұмыстан қол үзбей, қолайлы уақытта кез келген жерде, жеке режимде білім алуды қамтамасыз етеді.

Барлық білім алушылардың виртуалды «жеке кабинеті» болады, онда таңдаған пәнді өз бетінше игеруге арналған оқу-әдістемелік, ұйымдастыру материалдары мен тапсырмалар салынады.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу (қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау). Оқушыларды қашықтан оқытуға ынталандыру мен қатыстырудың ерекшеліктерін зерттеу (оқушылардың өзіндік жұмысын қалай ұйымдастыруға болады немесе үй тапсырмасын қалай тексеруге болады және тағы да басқалар). АКТ құралдары мен қызметтерін зерттеу.

Қашықтан оқыту форматындағы ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері модулінің өзі бірнеше өзекті тақырыптармен, ұстаздар қауымына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілген екен.

Алғашқыда синхронды оқытудың асинхронды оқытудан айырмашылықтары, қашықтан оқыту барысында мұғалімнің қызметі мен қашықтан оқыту барысында оқушының іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.

Сонымен қатар, қашықтан оқытуда қалай «оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Бағалауды ұйымдастыруда оқушыларға ізгілікті қарым-қатынас және қолдау көрсетіп, түсінікті және дәйекті ережелер мен рәсімдерді қалыптастыратын; оқу үдерісіне қызықты әдіс-тәсілдерді қолдануды; оқуда және тапсырмаларды орындауда цифрлық немесе цифрлық емес құралдарды таңдау және пайдалануды; барлық оқушылардың табысқа жетуіне жағдай жасалатын, оқушыларда өз пікірін айтуға және тапсырмаларды таңдауға мүмкіндігі болатын саралап оқытуға бағдарлануды басты назарда ұстау қажеттілігі атап көрсетілді. Қашықтан жұмыс істеу барысында өзара жағымды және оңтайлы қарым-қатынас аса маңызды. «Уақытында тапсырмадың! Не деген масқара?!» деудің орнына тағы да бір мүмкіндік беру жолдарын қарастырған абзал. Басты назарды ынталандыру, қолдау, эмоцияларды білдіру, адами қарым-қатынасты сақтау мүмкіндіктеріне аудару керек.

Оқуға қатыстыру модулінде тақырып аясында “Оқушыларды оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген мәселе қарастырылды. Бұл сұрақты шешуде оқушыларды оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру. Осылайша, білімгерді оқуға белсенді қатыстырудың тәсілдерін қашықтан және дәстүрлі оқытуда кеңінен қолданып, балалардың дербес оқушыға айналуына көмектесеміз.

«Онлайн сабақты жүргізу: сыртқы келбет және онлайн этикет» тақырыбы «сабақты трансляциялауға дейін және оны жүргізу барысында қандай мәселелерді назарда ұстау керек?» деген сұрақ аясында толық мәлімет берді.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгісі әрине, АКТ құралдары: қазақстандық платформалар. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдары бойынша гидті және Telegram мессенджеріндегі ICT robot чат-ботын қолданып, оқу мақсатына сәйкес келетін цифрлық құралдарды таңдау арқылы қашықтан оқыту мен оқудың, сондай-ақ дәстүрлі сыныптағы сабағыңыздың тиімділігін арттыра аласыз.

Осы телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар негізінде әр түрлі педагогикалық қызмет түрлерін қолдануға болады. Мысалы, қашықтан іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар мен семинарлар, қол жетімді емес нысандарға виртуалды бару, виртуалды экскурсиялар, мектеп оқушыларының, сондай-ақ мұғалімдердің бір-бірімен компьютерлік хат алмасуы, электронды бюллетеньдер шығару және тағы басқалар. Бұл қаражат жеке-жеке де, кешенде де жұмыс істей алады. Мысалы, оқушыларға білім беру мәселесі қойылған дәріс материалы ұсынылады. Әр оқушы оны шешеді және нәтижелерін барлық курстастарына жібереді.

Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педагог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды!

## **Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту**

**ТАБУЛДИЕВА ЖУМАГУЛЬ МАГЗОМБАЕВНА**

*Атырау облысы, Мақат ауданы, Х.Санбаев атындағы  
орта мектеп КММ. Математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

***Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.***

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.  
Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі.

Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.

4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады.

Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз.

Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білі беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

№ F00009 04.10.2021 ж

## Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

### ЖОТАБАЙҚЫЗЫ ГҮЛЬБАНУ

*Жамбыл облысы Сарысу ауданы Қамқалы ауылы  
Еркетай шағын орталығының тәрбиешісі*

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді.

Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды.

Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

**«Не өзгерді?»**

**Мақсаты:** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

**Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мультфильмі.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды.



Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

#### **«Жыл мезгілдері»**

**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

**Көрнекіліктер:** Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала т.б.)

#### **«Зоологиялық фриздер»**

**Мақсаты:** Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** жабайы аңдар мен үй жануарлары

**Ойын барысы:** Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.

#### **«Заттық фриздер»**

**Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

**Көрнекіліктер:** ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

**Ойын шарты:** Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

#### **«Не қайда өседі?»**

**Мақсаты:** Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

**Көрнекіліктер:** бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

**Ойын шарты:** бақ пен бақша салынған.

**«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»**

**Мақсаты:** Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

**Көрнекіліктер:** орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.

**Ойынның барысы:** ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.

**Қайсысы қайда тіршілік етеді?**

**Мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

**Көрнекілік:** әр түрлі жануарлар, құстар суреті

**ойын барысы:** әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.

№ F00010

04.10.2021 ж

**Дене жаттығуларын орындау арқылы  
қыздырыну және қалпына келтіру техникасы**

**АБИШЕВА ҚҰРАЛАЙ ЖАКИНА**

*Қарағанды қаласы № 36 ЖББ" КММ Бастауыш сынып мұғалімі*

<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:</b>		<b>Мектеп:</b>
<b>Күні :</b>		<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>
<b>Сабақ №7</b>		<b>Қатысқандар саны:</b>
<b>Сынып: 3</b>		<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Дене жаттығуларын орындау арқылы қыздырыну және қалпына келтіру техникасы.	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	3.2. Қозғалыс әрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіру	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	3.3.2.1 - қозғалыс әрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіруді көрсету	
<b>Бағалау критерийлері</b>	Оқушылардың бойында өзіне, құрбысына деген құрмет, жауапкершіліктің қалыптасуына ықпал ету	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Жеңіл атлетикаға байланысты физикалық қасиеттер туралы түсініктерін көрсету және талқылау	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Оқу-үйренуге жауапкершілікпен қарау	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Ана тілі, математика	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Ноутбук, проектор	

**Сабақ барысы**

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p><b>Сабақтың басы</b>  <b>Оқушы назарын аудару</b></p> <p><b>15 минут</b></p>	<p><b>Бой сергіту жаттығулары.</b>                      Біреуден сапқа тұру.                      Сапта әдеттегі адыммен, оң және сол бүйірмен қосымша адыммен жүру.                      Орташа қарқынмен жүгіру, тізелерді жоғары көтеріп жүгіру.                      Жүгіруден кейін тынысты қалыпқа келтіру.                      Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде санамақ айтуды ұсынады.</p>	<p>Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар.</p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>20 минут</b></p>	<p><b>(Ж, ЖЖ, Ф) «Қосаяқтар» қозғалмалы ойыны.</b>                      Ойыншылардың ең аз саны – екі адам. Минимальное количество игроков – два человека. Бормен жерге «сөрелі» сызу керек. Барлық оқушылар жұппен бөлініп тұрады. Бірінші жұп «сөреге» «сөреге» шығады. Бірінші ойыншы барынша алысқа секіреді. Оның секірген ұзындығын бормен белгілейді. Екінші ойыншы карама-қарсы бағытта секіреді. Секіруді бірінші оқушы секіріп жеткен жерден орындайды. Ол жай ғана «сөрелік» сызыққа дейін секіріп қоймай, бірнеше сантиметрге алысырақ секіруге тырысуы керек. Егер екінші ойыншы осыны орындай алса, осы жұптың жеңімпазы болып есептеледі. Ал егер орындай алмаса – бірінші ойыншы жеңімпаз болады. Одан кейінгі жұптар бірінші және келесі этаптардың жеңімпаздарынан</p>	<p>Секіртпе Ысқырық</p>

	<p>кұралады. Ең соңында екі епті «қосаяқтар» қалып, «қосаяқтар» олипиадалық ойындарының абсолютті чемпионы атағына кім лайықты екенін анықтайды!</p> <p><b>СЕРГІТУ СӘТІ.</b>          Еркін ұста денеңді,          Тарсылдатпай еденді          Орнымыздан тұрып ап          Жүгірейік бір уақ.          Бір, екі, үш, бір, екі, үш.          Аяқты алға созайық          Тік көтеріп, қозғайық.          Тым сылбыр да болмайық          Алға қарай озбайық.          Бір, екі, үші, бір, екі, үш.</p> <p><b>Арқан тарту.</b>          Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады          Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді.          Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.</p>	<p>Ұзын, қысқа арқандар</p>
<p><b>Сабақтың соңы 5 минут</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сапқатұру. Ықшамдалған ереже бойынша демалту ойыны: Қолды жоғары көтеріп төмен түсіру. Секіру жаттығулары</li> <li>2. Демалыс жаттығулары.</li> <li>3. Үйге тапсырма.</li> </ol>	
<p>Бағалау.</p>	<p>Бағалаудың жұлдызша, смайликтер, шапалак арқылы, балдык жуйе әдісімен бағаладық</p>	

<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p>		
<p>Жалпы баға</p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу</p>		

№ F00012 04.10.2021 ж

**Заман көші – болашақ бағдары**

**МАМБЕТОВА САГЫМКУЛ АТАМБЕКОВНА**

*Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Көгершін ауылы.*

*Ақтоған шағын орталықты орта мектебі*

*Бастауыш сынып мұғалімі*

Мектеп қабырғасын қайыспайтындай етіп тұрғызуға алғаш себеп болған ғұлама ұстаз Ыбырай Алтынсариннің білімінің түбірі сақталғанымен, ғылыми тұрғыда педагогикалық әдістер өркендеуде. Ғылыми жұмыс – білімді жетілдіру, дәлелдеу, оны жарыққа шығару үшін берілетін үлкен мүмкіндік.

Егеменді еліміздің өскелең ұрпағын ойлы да іскер, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Ұстаздардың міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақылды, парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамның мақсаты. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен, жаңаша әдіспен жұмыс істеуін қажет етеді.

Білім - ел қазынасы, білімді ұрпақ – ел байлығы, білімнің негізі мектепте, яғни бар ғылымның бастауы – мектеп. «Елдің келешегі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», - деп Тұңғыш Елбасы бізге үлкен міндет артып отыр. Мектеп оқушыларын ғылыми жұмысқа баулу – педагог шығармашылығының нәтижелі жұмысы. ХХІ ғасырдың озат оқушылары қазіргі таңда ғылыми ортада қалыптасып, дамып келеді.

Себебі, жаңа технологиялар, жаңа сала, жаңа іс-әрекет, әлеуметтік желідегі жаңа ақпараттар барлығы оларды ғылыми іс-әрекеттерге жетелейді.

Бұл келешек ұрпақтың ой-санасының дамуының жоғарғы деңгейін көрсетеді. Әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын әр түрлі әдістермен айқындау және дамыту, оның ішінде ғылыми іздеу қызметімен ұштастыру – жаңашыл педагогтің міндеті. «Ұстаздан шәкірт озар», - деиекші, заман біздердікі, яғни, бойында намыс оты қайнаған, болашағы жарқын жайнаған, өздерінің білімімен сайланған жастардыкі.

Мен кеудесінде «қазақ» деген ұшқыны бар, ғылым-білім жолында оза шапқан білімді ұрпақтың келешегін ғылыми тұрғыда толық елестете аламын. Егемен еліміздің саналы ұрпағы ғылым жолында шың басына шығуы үшін, қазірден бастап, өмірді жаңашылдықпен елестетуі тиіс. Себебі, жаңа дүниенің барлығы ғылым дамуы. Ол үшін мектеп қабырғасында арнайы ғылыми, зерттеу, тәжірибе алмасу жұмыстарына қатысып, білімдерін шыңдауы абзал.

## Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту

### БОТАБЕКОВА ШАМШАТ ЖАРЛЫКАПОВНА

*Шымкент қаласы Абай ауданы №133 Жалпы орта білім беретін мектебінің мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі*

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз.» Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршіліктеді».

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.



Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті.

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал.

Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады.

Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды Мысалы,

«Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады.

Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті.

Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін – өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу қызметін ойын түрінде күрделендіре түсу керек. Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады.

Оқу қызметінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу қызметі барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі. Оқу қызметі барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

## МАЗМҰНЫ

- *ИЛЬЯСОВА ГАЛИЯ УМИРЗАКОВНА*
- *АКШАБАЕВА МЕРЕКЕ КЕНЖЕГАЛИЕВНА*
- *САПАРОВА ГУЛЬДАНА СЕИЛХАНОВНА*
- *ТАБУЛДИЕВА ЖУМАГУЛЬ МАГЗОМБАЕВНА*
- *ЖОТАБАЙҚЫЗЫ ГУЛЬБАНУ*
- *АБИШЕВА ҚҰРАЛАЙ ЖАКИНА*
- *МАМБЕТОВА САГЫМКУЛ АТАМБЕКОВНА*
- *БОТАБЕКОВА ШАМШАТ ЖАРЛЫКАПОВНА*